

КӨЗҚАРАС

Абай және әлем

Салыстырмалы тұрғыда алсақ, біз Абай мұрасын шамамыз келгенше жеткілікті зерттедік. Әуезов іргесін қалап кеткеннен бергі уақыт ішінде әдебиетте ізін қалдырған талай ұрпақ хакім творчествосын өз дәуірінің биігінен бағалап, сөз өнерін өрге сүйреген әр буын кемеңгер туындыларының тереңіндегі құндылықтарды тауып, жаңалық ашты.

Абайға қарап бетке ұстар бағытымызды анықтап, ойымызды түзедік. Кемеңгердің шығармалары ғана емес, өлеңінің әр жолын сана сүзгісінен өткізіп, сарапқа салдық. Тереңірек зерттеген сайын, қазақта ұлы ақынның мұрасынан артық рухани байлықтың жоқ екеніне көзіміз анық жетті. Ұлттық рухымыз тірі тұрғанда қазақтың Абайға деген махаббатының мәңгі сәнбейтінің түсіндік. Аласапыран замандардың алашапқыны жанымызды көкпарға салып, халықтығымызды тамырымен жұлып тастай жаздаған алмағайып замандарда Абай тағылымынан алған тәлімімізді арқылы біз халықтық қасиетімізді жойып алмай, аман сақтап қалдық. Өткен ғасырдың басындағы Алаш арыстары Ахмет пен Міржақып, Әлихан мен Мағжандар жанын пидә ете отырып бізге Абай рухына адал болуды аманаттап кетті. Ұлы ақын дүние салған бір ғасырдан астам уақытта Абайсыз өмір сүрген дәуіріміз болған жоқ. Құдайға шүкір! Бәрі жақсы. Бәрі дұрыс. Бәрі заңды.

Дей тұрсақ та поэзия пайғамбарының қайталанбайтын талантын, өнердегі даралығын, тұтас бір ұлттың санасына сәулесін шашқан данышпандығын, келешекке жол салып кеткен кемеңгерлігін мойындағанымызбен, ішкі бір түйсікпен әлем әдебиетінің төрінен өзіне лайық орындарын еншілеп алған алыптардың қатарында Абай есімінің аталмай жататыны ашы да болса – шындық. Мысалы, өркениетті елдерде испан жазушысы Сервантестің есімін білмейтін адам жоқ шығар. Ұлы қаламгердің «Дон-Кихот» романы тұтас бір халықты әлемге танытқан ұлттық брендке айналды. Тургеневтен бастап күні кешегі Борхес пен Маркестерге дейінгі ғұламалардың «Дон-Кихот» жайында майын тамызып жазған, оқымасыңа қоймайтын қаншама ғажайып эсселері бар.

Ағылшын ақыны Шекспирді ешбір елдің драматургі де, жазушысы да ескерусіз қалдыра алмайды. Тіпті, орыстың суреткер жазушысы Толстойдың ұлы драматург туындыларына көңілі толмай сынаған зерттеушінің әлемде үлкен дау-дамай туғызғаны Шекспир есімінің барша адамзатқа ортақ тұлғаға айналғанын аңғартқандай. Әлемді қаламымен бағындыруға серт еткен француз Бальзакты оқымаған пенде зиялы азамат саналмайды, мәдениеті дамыған мемлекеттерде. Дүниежүзілік әдебиет деген ұғымды қолданысқа енгізіп, өзі де соның символына айналған немістің ойшыл ақыны Гетені кім білмейді. Атақты «Фаусты» тілге тиек етпеген әйгілі суреткерді таба алар ма екенсіз. Ал орыс жазушылары Гоголь, Толстой, Достоевский, Чехов туындылары XX ғасыр прозаиктеріне

үлгі-өнеге болып, жаңа заман әдебиетінің бет-бейнесін айқындап берді. Соңғы елу жылдың ішінде сөз өнеріне көп өзгерістер алып келген Ресей мен Батыстың жаңашыл ақындары мен жазушыларын да әлем оқырмандары жеткілікті дәрежеде танып үлгерді.

Ал Абай ше? «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген гуманистік идеяның ұрығын сепкен кемеңгерімізді өзімізден басқа кім біледі? Суреткер Әуезовтен кейін ұлы ақынның дүниежүзілік әдебиеттегі орнын белгілеп беру үшін іргелі істер жасалды ма? Әлем оқырмандарының қазақ Абайға қарағанда беларусь Быков пен қырғыз Айтматовты көбірек білетінін өкінішпен болса да мойындауға тура келеді.

Осы тұрғыдан алғанда Абай шығармалары өз Отанының шекарасынан алыстап кете алмаған Пушкин туындыларымен тағдырлас. Қаза тапқанына екі ғасырға жуық уақыт өтіп, ұлы ақынның творчествосы жайында Ресейде мыңдаған еңбектер жазылса да Пушкин есімі де әлем оқырмандарының санасына мықтап орныға алмай қойды. Кезінде орыс жазушысы Владимир Набоков шетел оқырмандарына Пушкинді жақынырақ таныстырмақ ниетпен «Евгений Онегинді» прозаның тілімен ағылшын тіліне аударғаны мәлім. Сондағы ішкі ойы дүние жүзіне кеңінен таралған ағылшын тілі арқылы Пушкинді ең алдымен Батыс жұртшылығына, одан әрі әлем оқырмандарына таныстыру болды. Бірақ жазушының бұл ойы жүзеге аспай, сәтсіздікке ұшырады. Орыс әдебиетінің негізін салған ұлы ақынның шәкірттері болып саналатын Толстой мен Чехов шығармашылығына тәнті болған әлем оқырмандары бәрібір проза тілімен жазылған «Евгений Онегинді» қабылдай алмай қойды. Неге?

Тамырын тым тереңге жіберген ұлттың ақыны болғандықтан Пушкиннің музасында орыс халқы ғана қабылдай алатын жұмбақ тылсымдар көп. Өте көп. Соған қарамастан ұлы ақынның қазақ тіліне сәтті аударылған шығармалары аз емес. Хакім Абайдан бастап ұлтымыздың көптеген талантты шайырлары Пушкин туындыларының шымқай бояуын солғындатып алмауға бар күшін салып, ана тілімізге аударды. Бір ғана «Я помню чудное мгновенье» қазақша сөйлетуге тырысқан талантты ақындарымыз қаншама. Қалай десек те Пушкин жырларының Алаш жұртына тараған насихаты кемшін болған жоқ. Сәтті шыққан талай аудармалардың арқасында орыстың ұлы ақынын қазақ оқырмандары жылы қабылдап, жүрегінің төрінен орын сайлап берді.

Ал біздің Абайымыздың тылсымы



терең поэзиясына үңіліп, оның барша адамзатқа ортақ гуманистік идеяларының маңызын халқының санасына сіңіруге тырысқан қандай атақты орыс ақынын айта аласыз? Сұрау салып, зерттеп көрсек миллиондаған ресейліктердің ішінен Абайдың бір өлеңін оқыған жалғыз орысты таба алар ма екенбіз? Әй, қайдам. Танымалдығы жағынан 10 миллионнан астам қазағы бар данышпан Абаймен салыстырғанда авар жұртының талантты ұлы Расул Гамзатов әлдеқайда бақыттырақ. (Мысалы, авар ақынының «Тырнарлар» өлеңін алыңызшы. Аударма да қалай сәтті шыққан. Жеңіс күніне орай «Тырнарлар» әні Мәскеудің аспанында қалықтағанда көңілі тебіреніп, көзіне жас алмайтын пенде жоқ. Гамзатов жайында орыс тілінде жазылған қаншама зерттеулер бар. Ақынның таланты мен адамдық табиғаты мейлінше шынайы ашылған Ресей киногерлері түсірген фильмнің өзі неге тұрады.

Жиырмасыншы ғасыр басынан бергі жазылған жүздеген еңбектерде Пушкин шығармашылығы жеріне жеткізіліп дәріптелді, бір ауыз сөзбен болса да орыс ақынының рухани мұрасына тоқталмай кеткен қазақтың сыншысы мен әдебиет зерттеушісі кемде-кем. Міне, осы тұрғыдан алғанда:

*Слух обо мне пройдет по всей
Руси великой,
И назовет меня всяк сущий
в ней язык,
И гордый внук славян, и финн,
и ныне дикой*

Тунгус, и друг степей калмык, — деген ақынның асқақ арманы қазақ топырағында артығымен орындалды.

Ал біз болсақ Абайдың орыс тіліне аударылған өлеңін оқығанымызда ұлы ақынымыздың тереңдігі мен ойшылдығы келекеге ұшырағандай бір күйді басымыздан кешетініміз

неліктен? Ресейдің атақты ақындары мен жазушыларының әдебиет туралы жазған еңбектерінен Абайды ауызға алған сынық сөйлемді де таба алмайсың. Қазақтың Пушкин мұрасына деген тағылымында, ұлы ақынның рухына адал қызмет етіп келе жатқан тағзымында ешқандай кінәрат жоқ. Тіпті, діні мұсылман, қаны мен жаны жағынан бізге әлдеқайда жақын Шығыстың ұлы шайырлары жайында түк білмесек те, Пушкиннің өмірі мен шығармашылығы туралы біздің білмейтін мәліметіміз жоқ. Әрине, білген жақсы ғой. Бірақ ұлттардың бір-бірінің әдебиетіне көрсететін құрметі екіжақты болуға тиіс емес пе? Көзімізге түспей жүрген болса ғафу өтіміз. Басқаларын айтпағанда, Кеңес заманында қазақтың талантты шайырлары Олжас пен Мұхтарлармен талай дастарқандас болған Ресейдің атақты ақындары Евтушенко мен Вознесенскийдің көл-көсір әдеби мұрасында да Абайдан тағылым алып, шынайы көңілмен ұлы ақын рухына тағзым етіп, тебіренген бір ауыз сөз жоқ. Ресейлік «Культура» телеарнасындағы әлем әдебиетінің алыптарының шығармашылығын жан-жақты таныстыратын «Игра в бисер» бағдарламасы да біздің Абайымызға арнап бір хабар түсірмеді. Таяуда интернеттен орыстың танымал әдебиеттанушысы Дмитрий Быковтың көпшілікке арнап оқыған жүздеген дәрісін тындап шықтым, сенесіз бе ол бір рет те Абай есімін аузына алмайды. Міне, осыдан кейін Ресей астанасы Мәскеудің «Чистые пруды» саябағында Абай ескерткішінің орнатылуы, екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың символынан гөрі, қазақтың көңілін алдарқату үшін жасалған ишарадай әсер қалдыратынын кімнен жасырайын.

Амангелді КЕҢШЛІҚҰЛЫ